



Кент әкімі М.Алшымбаева



Биыл Солнечный кентінің құрылғанына – 30 жыл. Жарық қуатының ошағы болғандықтан әу баста осылайша аталған кент атауын қазақшалау туралы біраз даурығысқанмен, тұрғындар нақты бір шешімге келе алмағаны белгілі. Халықтың құлағына әбден сіңісті болып қалғандықтан ба, соңғы кездері жабулы қазан жабулы күйінде қалып, кент өзінің «орда бұзар» жасын алғашқы атауымен тойлағалы отыр. Кент әкімі мен Екібастұз қаласы әкімінің тұрғындар алдында есеп беру жиынында Александр Вербняк экономикалық дағдарысқа қарамастан мерейтойға қаржылай көмек қарастыратынын айтты.

Солнечныйда

Жанаргүл ҚАДЫРОВА

Иесіз мүлік көп

Жиынға қатысушылардың бірі иесіз тұрған ғимараттар жайын сұрады. Байқауымызша, кентте қаңырап жатқан жылжымайтын мүлік аз емес. Бүгінгі таңда Өуезов көшесі, 10 мекенжайында орналасқан бес қабатты ғимарат пен монша ғимаратын, өндірістік базаны коммуналдық меншікке алу жұмыстары жалғасып жатқан көрінеді. Бұрын №41 балабақша болған ғимарат, екіншіке қарай, жеке меншіктің иелігінде. Оны иесінің қалауымен сатып алған күннің өзінде балабақшаға айналдыруды дәл қазір қала қазынасы көтере алмас еді. Десе де, басқадай иесіз мүліктің ақырындап коммуналдық меншікке өтіп жатқан жайы бар. Былтыр, мәселен, 19 пәтер иесіз мүлік деп танылыпты. Бұл, бір жағынан, баспанасыз тұрғындарды үймен қамтамасыз етуге де септігін тигізуде.

2015 жылы Солнечный кентінде пәтер кезегінде тұрған 58 азамат мемлекеттік тұрғын үй қорынан баспана алған (2014 жылы - 54 азамат). Оның ішінде «Жетімдер, ата ана қамқорлығынсыз қалғандар» санаты бойынша – 4, «Мемлекеттік қызметкерлер, басқа бюджеттік мекемелерде жұмыс істейтін қызметкерлер және әскери қызметкерлер» - 19, «Әлеуметтік осал топтағы тұрғындар» санатындағылар саны - 35.

Тегін дәріге мұқтаж

Дәрі-дәрмектің бәсі күннен күнге артқан мына уақытта әлеуметтік дәріхана керек-ақ. Бұл мәселені кент тұрғындары қала әкімінің 2013 жылы өткізген есеп беру кездесуінде-ақ көтерген болатын. Осыған орай 2014 жылы қаржы бөлімі мен «Ромат» ЖШС-і арасында мемлекеттік мүлікті сенімді басқару келісімшарты жасалып, Конституция даңғылындағы 1-үйден үш жылға дәріхана үшін орын белгіленген. Сонымен қатар, «Ромат» ЖШС-і аталған ғимаратқа 284 мың теңгеге жөндеу жүргізген. Бірақ биыл кәсіпорын басшылығынан Солнечный кентінде әлеуметтік дәріхана ашудың экономикалық тұрғыдан тиімсіздігі туралы хат келіпті. Хатта Екібастұз қаласында «Ромат» ФК-ның екі бірдей дәріханасы бары, ал кенттің қалаға тиіп тұрғаны тілге тиек етілген.

Елді мекендегі дәрі-дәрмекке қатысты түйткілді жайт бұл ғана емес. Қазір мұндағы қант диабетіне шалдыққан науқастар мемлекет тарапынан тегін берілетін дәрілерді ала алмай отыр. Жиында диабетке шалдыққан бірнеше науқас сөз алып, бірі «тендер өтпей тегін дәрі болмайды екен» дегенді алға тартса, енді бірі «сырқат саны көбейгендіктен де дәрі жетпей отыр» деген уәж келтірді. Ақиқаты сол: сырқаттар аз ғана зейнетақысын дәріге жұмсауға мәжбүр. «850 теңгеге алатын бір дәріміз 5 күнге ғана жетеді», - дейді олар.

Аталған келеңсіз жайттың мөнісін билік өкілдері анықтайтын болады. Біз де өз кезегімізде қалалық орталық ауруханаға дәрі тапшылығына қатысты сұрауымызды жолдадық. Оның жауабынан оқырман қауымды құлағдар ететін боламыз.

Суреттерді түсірген:
В.Фадеев

